

*Аманжол Күзембайұлы*  
*Тарих ғылымдарының докторы, профессор,*  
*ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан*

## ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ӘРІПТЕС, ДОС

**Дәулетбаев Тобыл Есләмғалиұлы** белгілі математик. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор. Қостанай-Торғай өңірінің білім беру саласында тынбай қызмет істеген Тобыл Есләмғалиұлы дарынды математик қана емес, білікті маман дайындауға аса жауапкершілікпен қарайтын жастардың тамаша ұстазы бола білді. Қостанай. Арқалық жоғары оқу орындарында математика кафедраларын ашып, оларды жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етудегі оның рөлі ерекше. Т.Е. Дәулетбаев тек облыста ғана емес, республикада математикалық білім беру ісін дамытуға атсалысты. Талантты математик және ұлағатты ұстаз, жастарға білімді өмірмен байланыстыра білуді үйретті. Оның адамгершілігі айналасына сәуле шашып тұрғандай болатын. Физика-математика пәндеріне балалар, жастар ынтасын оятудың өзі педагогикалық кәсібилікке келетін қасиет. Тобыл Есләмғалиұлы өңірдегі көптеген математиктердің нағыз ұстазы бола білді. Қоластында қызмет істеген бірнеше жас оқытушыларға қамқорлық жасап, олардың тақырып таңдауына, оны бекітіп, ғылыми жетекші тағайындауына бар көмегін аяған жоқ. Оның кафедрасынан оқытушылардың екеуі ғылым докторы, 20 оқытушы ғылым кандидаты атағын алды. Бүгінде Жеңіснұр Қожыкеев, Ағима Мүсілімова, сынды өңірімізге белгілі математиктер Тобыл Есләмғалиұлын жылы сезіммен еске алады.

1942 жылы 6 қарашада Мендіқара ауданы Екпінді ауылында дүниеге келген. Мектеп табалдырығын ерте ашқан зерек бала Майлағаш қазақ жеті-жылдық мектебінің үздік оқушысы болды. Дегенмен інісін орталықтағы ірі оқу орындарында оқытуды мақсат еткен ағасы Қасымқан оны көрші Ресейдің Қорған облысындағы Звериноголовск ауданының Прорывное селосындағы орыс орта мектебіне оқуға береді. Оны ол 1960 жылы күміс медальға бітірді.

Екі жыл ауылда, Қаратал МТС-інде жұмыс істеп, 1962 жылы Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы университетінің механика-математика факультетіне оқуға түсті. Студент шағында университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласты, сабақты үздік оқи жүре спортпен айналысты. Университеттің классикалық күрес командасында болып, 1965 жылы Москва университетінің чемпионы атағын жеңіп алды. СССРО спорт шеберлігіне кандидат төс белгісінің иегері.

1967 жылы Университетті үздік аяқтаған Тобыл Есләмғалиұлы Дәулетбаевты министрлік арнайы жолдамамен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына оқытушылық қызметке жіберді. Әлбетте, ғылым жолын таңдаған жігітке университетте алған білім жеткіліксіз еді. Сөйтіп ол білімін одан әрі жалғастыру мақсатында сол кездегі Орталық Азияда беделі асқақтап тұрған Ташкент қаласындағы Ленин атындағы университетіне аспирантураға қабылданды. Ғылыми жетекші болып белгілі ғалым, сол университеттің ректоры Т.А. Сарымсақов тағайындалды. 1973–1976 жылдары ғылыммен табжылмастан айналысқан Тобыл Есләмғалиұлы 1979 жылы өзінің кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. 1985–1987 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының математика Институтында, Украинаның Ғылым академиясының математика Институтында стажировкадан өтті.

1976–1988 жылдары Арқалық педагогикалық институтында, 1988–2000 жылдары Қостанай ауылшаруашылық институтында жұмыс жасады.

2004 жылдан бастап Қостанай педагогикалық институтында жұмыс істеп келеді. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент. Соңғы 15-20 жылдар аралығында «Локальды-дөңес кеңістіктегі кездейсоқ процестер» және «Математиканы оқытудағы мамандыққа бағытталған технологиялар» тақырыптары бойынша ғылыми жұмыс жасап

келді. Соңғы бағыт бойынша екі оқу құралы, 5-6 оқу-әдістемелік құралы басылып шықты. Мұғалімдерге арнап 2 оқулық, 6 әдістемелік құрал жазды. Ол шәкірттерін ғылыммен айналысуға, математиканы оқытудың жолдарын іздестіруге, әдістемелерді ширата түсуге баулыды.

Білім беру ісіндегі жетістіктері үшін ол 2007 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды. 2010 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен оған профессор атағы берілді.

Қостанай қаласындағы физика-математика лицейінде жыл сайын өткізіліп тұратын «Аумақтық ғылыми-тәжірибелік конференция 2015 жылдан бастап Тобыл Есләмғалиұлының атымен атала бастады. Кезінде осындай конференцияның өтуіне мұрындық болған да осы кісі еді. Конференцияның беделі обылыс көлемінде өте жоғары. Мысалы, өткен жылы конференцияға қатысуға 96 мектептің 1-11 сынып оқушыларынан 1100 өтініш келіп түскен.

Жақында Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде шәкірттерінің бастамасымен Тобыл Есләмғалиұлының аудиториясы ашылды. Аудиторияның ашылу салтанатында әріптестері мен шәкірттері Тобыл Есләмғалиұлын еске алып, оның еліміздің білім беру ісіне қосқан үлесіне оң баға берді. Мінбеге шығып сөйлеген профессор Аманжол Күзембайұлы, әріптестері Кәрбоз Жапаров, Жеңіснұр Қожыкеев Тобыл Есләмғалиұлы жөнінде естеліктерімен бөлісті. Ғалым-ұстаз атындағы аудиторияның ашылу салтанатына жиналғандар Тобыл Дәулетбаевтың ғылыми жұмыстары мен өмірінен дайындалған фотосуреттер көрмесін тамашалады.

Алайда араға түскен ажал оған докторлық диссертациясын аяқтатпай білікті ұстаз 2013 жылы артында Жұмабикедей жұбайын, Балға, Қуаныш есімді ұлдарын, Гауһар, Ардақ сияқты қыздарын тастап қапияда көз жұмды.

«Артында бар оналар» – дегендей Тобыл Есләмғалиұлының ұлдары әке ісін жағастыруда. Оларға сәт сапар тілейік.